

Юсупова Гаухар Тургалиевнаның 6D073200 – Стандарттау және сертификаттау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» атты диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің жазбаша пікірі

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) | Диссертация тақырыбы мемлекеттік бағдарлама-Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының «Қазақстан-2050 Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес келеді. Диссертация жұмысы «Инициативалық тақырып» меншікті қаржыландыру аясында №0118РКИ 0554 «Қауіпсіз сүт өнімдерін өндіру бойынша шараларды әзірлеу» тақырыбында орындалған. Жобаны іске асыру жылдары 2018-2020 жж. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. | Сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің жай-күйі талданып, ғылыми тұрғыдан алғаш рет негізделді. Ешкі сүтінен жасалған кефирдің сапа көрсеткіштері анықталып, «өнім сипаттамасы» құжаты дайындалды. Ешкі сүтінен жасалған кефир өндірісінің қауіп-қатерлері талданып және сыни бақылау нүктелеріне негізделген тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздік менеджменті жүйесінің НАССР жоспары алғаш рет рәсімделді. Алғаш рет ешкі сүті және ешкі сүті өнімдерін өндіретін кәсіпорынға «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-де НАССР жүйесі енгізілуде. Ғылыми зерттеу барысында «Создание систем менеджмента безопасности пищевой продукции на основе методологии ХАССП для малых и средних предприятия» атты оқу-әдістемелік құралы жасақталды. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелерін өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділігін анықталды. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары | Докторанттың өзіндік үлесін зерттеу жұмысының теориялық және эксперименттік бөлігін орындаудан, әдеби деректерді талдаудан, НАССР жүйесін енгізу мүмкіндігін негіздеуден, сыни |

| | | | |
|----|----------------------|--|--|
| | | | <p>бақылау нүктелерін анықтаудан, сыни шектерді белгілеуден, табылған сәйкессіздікті жою үшін түзету әрекеттерді жасау және мониторинг процедураларын белгілеуден, өнімнің тағамдық құндылығын анықтауынан көруге болады. Докторант диссертация мәтінін өз бетінше жазып, зерттеу нәтижелерін ғылыми жарияланымдар түрінде шығарып, өнімді сынақтан өткізіп, НАССР жоспарын және нормативтік құжаттама жасақтаған.</p> |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген | <p>Қазақстанның Кеден одағы мен ДСҰ-ға кіруімен нормативтік базаны жетілдіру, отандық және халықаралық стандарттарды үйлестіру аса өзекті. Қазақстанда шығарылатын өнімдерді экспортқа шығару үшін халықаралық жүйелерді тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындаға енгізу міндетті. Қазақстан Республикасының Кеден одағына кіруі Қазақстанның экономикасын реформалауға халықаралық ережелерді қолдану қажеттілігіне алып келді. Қазіргі уақытта қазақстандық сүт және сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындар үлкен бәсекелестікте жұмыс істеуде. Бұл жағдайда кәсіпорындар тұрақты жұмыс пен дамуды қамтамасыз ету үшін тұтынушылардың сұранысын толық қанағаттандыру мақсатында жоғары сапалы және қауіпсіз өнімдер шығаруы керек. Сүт және сүт өнімдерін өндіру саласы ғылымды дамытуға және заманауи менеджменттің ғылыми-техникалық прогресінің жетістіктерін енгізуге мұқтаж. Осыған байланысты тұтынушы үшін өнімнің қажетті және тұрақты сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелерін әзірлеу және пайдалану барған сайын маңызды бола түсуде. Жаңа ғылыми әзірлемелердің әлемдік тәжірибесін белсенді пайдалану қазақстандық кәсіпорындардың халықаралық экономикалық кеңістікке табысты кірігуінің қажетті шарты болып табылады. Халықаралық стандарттарды енгізу арқылы тамақ өнімдерін басқару жүйесі өз қызметінің жекелеген аспектілері бойынша тануға қол жеткізеді. Нәтижесінде құрылатын жүйелерді</p> |

| | | |
|--|---|--|
| | | кәсіпорынның мақсаттарына барынша қол жеткізуге және барлық мүдделі тараптардың теңдестірілген талаптарын орындауға бағытталған бірыңғай жүйесі міндеті өзекті болып отыр. Осыған байланысты Г.Т. Юсупованың «НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» тақырыбындағы дайындаған диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады. |
| | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды. | Диссертацияның мазмұны жұмыстың тақырыбына сәйкес жасалған зерттеулердің мақсаты мен міндеттерін толық айқындайды. |
| | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; | Диссертациялық жұмыстың мақсаты - НАССР жүйесі негізінде ешкі сүті өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін ҚР ISO 22000-2006 «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері» стандартына сәйкестігін зерттеп, ғылыми тұрғыда негіздеу. Зерттеу мақсатына жету үшін диссертациялық жұмыста бес міндет қойылған. Мақсат пен қойылған міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, нақты және логикалық тұжырымдалған. |
| | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; | Диссертациялық жұмыс 122 бетте мазмұндалған, нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, әдебиетке шолудан, зерттеу нысаны мен әдістері, зерттеу нәтижелері мен қорытындыдан және өндіріске ұсыныстан тұрады. Отандық және шетелдік пайдаланылған әдебиеттер саны 102. Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық түрде өзара байланысты және жұмыс тақырыбын дәйекті түрде ашады. |
| | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар | Қазақстан Республикасындағы сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің жәй-күйі талданды. Сүт өнімдерін өндіру процесінде анықталған сыни бақылау нүктелері, белгіленген сыни шектер және мониторинг рәсімдері, табылған сәйкессіздіктерді жою үшін түзету әрекеттері, НАССР жоспары бекітілді. |

| | | | |
|----|-------------------------------------|---|--|
| | | | <p>Сыни бақылау нүктелерін қадағалануы негізінде ешкі сүтінен жасалған кефир өнімінің сапасы анықталды «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС НАССР жүйесін енгізуге әзірлеу қадамдары көрсетілді. Ішкі және сыртқы аудит жүргізілді. НАССР жүйесін өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділігі анықталды. Диссертацияда ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа</p> | <p>Сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің жай-күйі талданып, ғылыми тұрғыдан алғаш рет негізделді. Ешкі сүтінен жасалған кефирдің сапа көрсеткіштері анықталып, «өнім сипаттамасы» құжаты дайындалды. Ешкі сүтінен жасалған кефир өндірісінің қауіп-қатерлері талданып және сыни бақылау нүктелеріне негізделген тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздік менеджменті жүйесінің НАССР жоспары алғаш рет рәсімделді. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелерін өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділігін анықталды. Алғаш рет «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-де НАССР жүйесі енгізілуде. «Создание систем менеджмента безопасности пищевой продукции на основе методологии ХАССП для малых и средних предприятия» құралы атты оқу-әдістемелік құралы жасақталды.</p> |
| | | <p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа</p> | <p>Жүргізілген зерттеулерге сәйкес диссертацияда жасалған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа</p> | <p>Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа және негізделген болып табылады.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан | Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдер бойынша, негізделген, |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген | шетелдік және отандық ғылымның заманауи зерттеулеріне сілтеме жасай отырып талқыланған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p> | <p>Қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелер:</p> <p>1. Қазақстан Республикасындағы сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің жәй-күйі.</p> <p>2. Сүт өнімдерін өндіру процесінде анықталған сыни бақылау нүктелері, белгіленген сыни шектер және мониторинг рәсімдері, табылған сәйкессіздіктерді жою үшін түзету әрекеттері, НАССР жоспары.</p> <p>3. Сыни бақылау нүктелерін қадағалануы негізінде ешкі сүтінен жасалған кефир өнімінің сапасы.</p> <p>4. «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС НАССР жүйесін енгізуге әзірлеу қадамдары.</p> <p>5. Ішкі және сыртқы аудит қорытындысы.</p> <p>6. НАССР жүйесін өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділігі.</p> <p>7. Жасалған ғылыми жұмыс негізінде «Создание систем менеджмента безопасности пищевой продукции на основе методологии ХАССП для малых и средних предприятия» атты оқу-әдістемелік құралының әзірленуі.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша 8 ғылыми жұмыс, оның ішінде Scopus халықаралық деректер базасына кіретін 1 мақала, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар еңбектерінің жинақтарында 3 мақала жарияланды және 1 оқу-әдістемелік құрал баспадан шығарылды.</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия</p> | <p>Зерттеу әдіснамасын таңдау диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімінде негізделген және егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста қолданылатын зерттеу әдістері заманауи және жалпы қабылданған.</p> |

| | | | |
|--|--|---|--|
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 2) жоқ</p> | <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу нысаны ретінде «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС және шаруашылықта өндірілген ешкі сүтінен алынған сүт және сүт өнімдер үлгілері пайдаланылған. Эксперименттер жүргізу барысында кәсіпорынға ҚР СТ ISO 22000-2006 стандарты бойынша талдау жүргізіліп, шикізат пен дайын сүт өнімдерінің сапасын кешенді бағалау кезінде органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерді, тағамдық құндылықтар мен қауіпсіздік көрсеткіштерін зерттеудің жалпы стандартты және арнайы әдістері қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларын қолдану деректерді өңдеу және интерпретациялау байқалмайды, бірақ жұмыстың маңыздылығы мен мәні төмендетпейді, өйткені мақсаты мен міндеттері толық орындалған.</p> |
| | | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған 1) ия;</p> | <p>Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер тәжірибемен тікелей ұштастырылған. Қазақстан Республикасындағы сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің жай-күйіне талдау жүргізілді, әлемдік және отандық өнім қауіпсіздігінің қазіргі жағдайы ғылыми теориялық тұрғыда зерттелген. Зерттеу нәтижесінде «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-не «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелерін» енгізуге шешім қабылданды. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігінің менеджмент жүйелерін енгізу барысында өндіріс диагностикалық, әзірлеу, енгізу кезеңдерінен өтті. Диссертациялық жұмыста зерттеу және НАССР жүйесі енгізілуде үш кезеңнен тұрады. Үш кезең НАССР принциптерін орындауға бағытталған. «Республикалық техникалық реттеу стандарттау, сертификаттау және метрология академиясы» мен сәйкестікті растау органы «ЭкоТехСтандарт ЖШС ішкі және сыртқы аудиттерді жүргізді. Сонымен қатар, ешкі сүтінен жасалған кефирдың</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|---|--|
| | | | <p>микробиологиялық, органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштері анықталды. Анықталған көрсеткіштер стандарт талаптарына, Кеден одағының техникалық регламент көрсеткіштеріне сәйкестігі айқындалды.</p> <p>«Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-де ешкі сүтінен жасалған кефир өндірісіне төнетін қауіп-қатерлерге талдау жасалды және ешкі сүтінен жасалған кефир өндірісі кезінде он екі сыни бақылау нүктелері анықталып, сыни шектер белгіленді және мониторинг процедуралары көрсетілді, табылған сәйкессіздікті жою үшін түзету әрекеттері жасалып, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін басқару жүйесі НАССР жоспары бекітілді. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелерін өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділікті анықтау үшін талдау жүргізіліп, «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-не НАССР жүйесін енгізудегі болжамды экономикалық тиімділігі анықталған.</p> |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған | Докторант зерттеу процесінде пайдаланған материалдарға диссертацияда өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Зерттеудің нәтижелері әдеби дереккөздерге сілтеме жасай отырып, ғылыми талқылауға ие. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті | Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 102 әдебиет көздеріне шолу жасалған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау кезінде, сондай-ақ алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия | НАССР жүйелерін ешкі сүті және ешкі сүтіннен жасалған өнімдерді өндіретін және жалпы тамақ өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға енгізу тұтынушыларды сапалы қауіпсіз өніммен қамтамасыз етуге, оларды басқаруға, экспортқа өнім шығаруға, Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімін арттыруға, өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарды орындаудағы маңызы зор. Осы орайда докторант Г.Т. Юсупова НАССР |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | | <p>жүйесіннің Қазақстандағы жағдайын жете зерттей отырып, теориясы мен практикасын маңызды қолданбалы мәліметтермен толықтырып, елімізде НАССР жүйесінің дамуына өзіндік ғылыми үлесін қоса алды деп санаймын.</p> |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия</p> | <p>«Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-де анықталған сыни бақылау нүктелері мен белгіленген сыни шектер өнім өндіру процесіндегі қауіп-қатердің алдын алуға, мониторинг процедуралары табылған сыни бақылау нүктелерімен сыни шектердің ауытқуын түзетуге мүмкіндік береді. Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері стандартын енгізу, кәсіпорындар өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарды орындауға, оларды басқаруға, экспортқа өнім шығаруға, Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімін арттыруға және тұтынушылардың сапалы қауіпсіз өніммен қамтамасыз ете алады. «Создание систем менеджмента безопасности пищевой продукции на основе методологии ХАССП для малых и средних предприятия» атты оқу-әдістемелік құралы В076 «Стандарттау, сертификаттау және метрология» білім бағдарламасы бойынша білім алушы студенттерге арналып, «НАССР қағидалары негізіндегі сапа менеджмент жүйесі» пәні аясында оқу процесіне енгізілді. Сонымен қатар бұл оқу-әдістемелік құралы барлық сүт өндіруші кәсіпорындарды ҚР ISO 22000-2006 «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері» стандартына сәйкес дайындау мақсатында нұсқаулық ретінде кеңінен қолдануға болады.</p> |
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа</p> | <p>Қазақстан Республикасындағы тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындарға ҚР СТ ISO 22000-2006 «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру, тұтыну тізбегіндегі барлық ұйымдарға қойылатын талаптар» стандартын енгізу кезінде ұсынған әдістемелерді қолдануға болады.</p> |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|---|
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; | Диссертация өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелері мен практикалық маңыздылығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін дербес орындалған білікті, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. |
|-----|---------------------------|--|---|

Ресми рецензенттің шешімі-докторант **Юсупова Гаухар Турғалиевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне өтініш беру.**

Алматы технологиялық университеті
«Тағам өнімдерінің технологиясы»
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

Медведев Диханбаева Ф.Т.



Вер. спец. ОУП Рауфбаева
Т.М.